

## Нұра ауданында әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру шаралары туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 3 ақпандағы N 02/02 қаулысы. Қарағанды облысы Нұра ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 7 наурызда N 8-14-165 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 24 қыркүйектегі N 22/04 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімдігінің 2012.09.24 N 22/04 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес, нысаналы топтарға жататын жұмыссыз азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын Нұра ауданының жұмыс берушілердің тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Нұра ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істеуге ниет қылған мақсатты топтардан жұмыссыз азаматтарды жұмысқа қабылдау және бағыттау жөніндегі жұмысты жүргізсін;

2) осы санаттағы азаматтарды жұмысқа орналастыру жөнінде жұмыс берушілермен шарттар жасау жөніндегі жұмысты жүргізсін;

3) әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың тиімділігін, жасалған шарттардың орындалуын қадағалау жөнінде жұмыс жүргізсін;

4) әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасудың мониторингін жүргізсін;

5) жұмыс берушінің бір жұмыскерге еңбекақы төлеу шығындары он екі ай бойы республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен өтелсін:

алғашқы алты айда-жалақының елу пайызы;  
кейінгі үш айда-жалақының отыз пайызы;

келесі үш айда-жалақының он бес пайызы субсидиялауы шартымен жібереді.

3. Нұра ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 қарашадағы N 24/50 қаулысының "Нұра ауданында әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру шаралары туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне N 8-14-159 болып

тіркелген, 2011 жылғы 31 желтоқсандағы N 53 аудандық "Нұра" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары З. А. Даутоваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Бексұлтанов

А у д а н

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

3

а қ п а н д а ғ ы

N

0 2 / 0 2

қ а у л ы с ы н а

қосымша

### Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын Нұра ауданының жұмыс берушілердің тізбесі

N	Ұйымның атауы	Кәсібі (мамандығы)	Жұмыс орындарының саны (адам)	Жұмыс ұзақтығы (айлар)	Б і р жұмыскерге ( айлық жалақы мөлшері (теңге )	Бір жұмыске өтемақы мөлш теңге)
1.	"Рыженков Игорь Анатольевич" жеке кәсіпкері	пилорама жұмысшысы, тас қалаушы	4	6	52 000	26 000
		тас қалаушы	3	12	52 000	26 000 – алғаш айда, 15 600 – келесі айда, 7 800 – соңғы 3
2.	"Абильдина Ғалия Кудайбергеновна" жеке кәсіпкері	а с п а з , штукатур-сырлаушы, штукатур, аспазшы	6	6	52 000	26 000
3.	"Дастархан" қарапайым серіктестігі	әкімші, сатушы	2	6	52 000	26 000
4.	"Карбаева Жумабике Зейнуллина" жеке кәсіпкері	технический работник, жүк тасушы, сатушы, фасовщик	5	6	52 000	26 000
5.	"Абсаттарова Ермек" жеке кәсіпкері	жүргізуші, сатушы	3	6	52 000	26 000
6.			10	12	52 000	26 000 – алғаш айда,

	Шаруашылық қожалығы "Ли В.В."	тракторист, механизатор, тұқым себуші				15 600 – келе айда, 7 800 – соңғы 3
7.	Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны "Каратал"	кочегар, жүргізуші, контролер, механизатор	7	12	52 000	26 000 – алғаш айда, 15 600 – келе айда, 7 800 – соңғы 3
	Барлығы:		40			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК